ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 17 наурыз №5165-23-00-2/429 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ғ.Ә.Бектаев,
сот отырысының хатшысы Ж.Ермекбаеваның қатысуында,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Бәйдібек аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Байназаров»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
Талап қоюшы өкілі Қ.Ержанов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Бәйдібек аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (ары қарай – Кәсіпорын) мен дара кәсіпкер (ары қарай - ДК) «Байназаров» арасында 7 дана степлер сатып алу бойынша 2023 жылдың 18 қаңтарында №12 санды мемлекеттік сатып алу келісім шарты жасалған.

Тараптар арасында түзілген мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шартта көзделген өз міндеттемелерін жауапкер орындамағанын көрсетіп, талап қоюшы соттан ДК «Байназаров» -ты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Жауапкерден жазбаша түрде қарсы пікір түспеді.

Талап қоюшы өкілі сотта талапты толық қуаттап, талап қоюды онда көрсетілген негіздермен толық қанағаттандыруды сұранды.

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Ғ. Ә., 17.03.2023
Заңды күшіне енген күні: 18.04.2023, судья Бектаев Ғ. Ә., 19.04.2023
5165-23-3-1/455

Жауапкер сотқа келмеді, өзінің келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламады, сотқа талапқа қарсы дәлелдемелерді алып келмеді және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамады.

Сот жауапкердің келмеу себептерін дәлелсіз деп танып, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан кейін – АПК) 196-бабына сай істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V санды Заңының (ары қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3)-тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынандай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінуге міндетті.

Шарттың 1-қосымшасына сай жауапкер тауарларды шартқа қол қойылғаннан бастап 16 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылдың 2 ақпанына дейін жеткізуге міндеттеме алған.

Тауар осы күнге дейін жеткізілмеген, жауапкер міндеттемелерін орындамаған.

Сондықтан талап негізді болып саналады.

АПК-нің 117-бабының 1-тармағы негізінде жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж алымы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226- баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Кәсіпорын талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

ДК «Байназаров» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

ДК «Байназаров»-тан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге баж салығы өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Ғ. Ә., 17.03.2023
Заңды күшіне енген күні: 18.04.2023, судья Бектаев Ғ. Ә., 19.04.2023
5165-23-3-1/455

қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Ғ.Ә.Бектаев**

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Ғ. Ә., 17.03.2023

Заңды күшіне енген күні: 18.04.2023, судья Бектаев Ғ. Ә., 19.04.2023

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Судопроизводство - Информационная система «Төрелік»

5165-23-3-1/455